

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Жарма ауданының Божығұр ауылдық округі әкімінің Қаражал ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Жарма ауданының Божығұр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 1 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Божығұр ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 5423 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Жарма ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылы 24 шілдедегі № 352 ұсынысы негізінде, Божығұр ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Жарма ауданының Божығұр ауылдық округінің Қаражал ауылында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Жарма ауданы Божығұр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 1 "Жарма ауданының Божығұр ауылдық округінің Қаражал ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4589 тіркелген, 2016 жылы 8 шілдесінде "Қалба тынысы" аудандық газетінде және 2017 жылы 25 қазанында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Божығұр ауылдық округінің әкімі

М. Жансейтов